

"Кеме қатынасы үшін ашылған ішкі су жолдарын пайдалану Ережесін" бекіту жөнінде БҰЙРЫҚ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар Министрлігі 1995 жылғы 21 маусымдағы N 86 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1995 жылғы 6 қыркүйек тіркелді. Тіркеу N 86. Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің м.а. 2005 жылғы 5 тамыздағы N 260 бұйрығымен

ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің м.а. 2005.08.05. N 260 бұйрығынан үзінді:

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және ведомстволық нормативтік құқықтық актіні Қазақстан Республикасы заңнамасымен сәйкестікке келтіру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. "Кеме қатынасы үшін ашылған ішкі су жолдарын пайдалану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 1995 жылғы 21 маусымдағы N 130 бұйрығымен бекітілген, Әділет министрлігінде 1995 жылғы 6 қыркүйекте 86 нөмірмен тіркелген Кеме қатынасы үшін ашылған ішкі су жолдарын пайдалану ережесінің күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрілігінің Су көлігі департаменті (Б.Қ.Уандықов) заңнамада белгіленген тәртіппен Кеме қатынасы үшін ашылған ішкі су жолдарын пайдалану ережесінің күші жойылды деп тану туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігін хабардар етсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р д і н

міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 19.08. N 931 "Ішкі су жолдарын кеме қатынасының санатына енгізу тәртібі туралы" қаулысының негізінде бұйырамын:

1. Қосымшамен берілген "Кеме қатынасы үшін ашылған ішкі су жолдарын пайдалану Ережесі" бекітілсін.

2. "Кеме қатынасы үшін ашылған ішкі су жолдарын пайдалану Ережесі" белгіленген тәртіппен тіркелгеннен кейін күшіне енгізілсін.

Министр

**Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
К ө л і к ж әне к о м м у н и к а ц и я л а р**

м и н и с т р і н і ң

1995 ж. " ____ " _____

N _____ б ұ й р ы ғ ы н а

Қосымша

Кеме қатынасы үшін ашылған ішкі су жолдарын пайдалану Ережесі

I. Жалпы Ережелер

1.1. Кеме қатынасы үшін ашылған ішкі су жолдарын пайдалану Ережелері, бұдан былай ІСЖПЕ деп аталады, ол Қазақстан Республикасы Су кодексінің 70-бабының, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 19 тамыздағы N 931 "Ішкі су жолдары кеме қатынасының санатына енгізу тәртібі туралы", 1994 ж. 21.12. N 1429 "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік ішкі су жолдарының Ережесін бекіту жөніндегі", "Қазақстан Республикасы ішкі теңіз және аумақтық сулардың ластануын болдырмай Ережелерінің" негізінде ә з і р л е н д і .

1.2. Осы ІСЖПЕ-нің күші Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 19 тамыздағы N 931 қаулысымен бекітілген Тізімге сәйкес кеме қатынасы үшін ашылған ішкі су жолдарына және олар орналасқан ғимараттарға (ш л ю з д а р , п л о т и н а л а р , к ө п і р л е р , ө т к е л д е р , к е м е к ө т е р г і ш т е р , д а м б а л а р , а й л а қ т а р , су қоймалары, авариялық-жөндеу қоршаулары, әуе және су асты өткелдерге) ж а р а м д ы .

1.3. Осы ІСЖПЕ Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігімен әзірленеді, бекітіледі және күшіне енгізіледі және "Қазақстан Республикасындағы Көлік туралы" Заңның негізінде барлық кәсіпорындар, ұйымдар және жеке тұлғалар үшін олардың ведомстволық қатыстылығы мен меншік нысандарына қарамай міндетті болып табылады.

1.4. ІСЖПЕ Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігімен бекітілген "Өзен көлігін техникалық пайдалану Ережелерінің" N 3 Ішкі су жолдары және жол ғимараттары тарауына сәйкес келеді.

1.5. Кеме қатынасының мұқтажы үшін ішкі су жолдарын пайдалануды реттеу Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Су көлігі Департаментімен жүзеге асырылады.

1.6. Ішкі су жолдарын күтіп ұстауға, оларда кемелердің қауіпсіз жүруіне Мемлекеттік бақылау жасау кеме қатынасы мен теңізде жүзу қауіпсіздігінің Бас инспекциясымен жүзеге асырылады.

1.7. Кеме қатынасының мақсаттары үшін ішкі су жолдарын пайдалану санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдарымен келісілуі тиіс.

2. Ішкі су жолдарын күтіп ұстау

2.1. Ішкі су жолдары мен жол ғимараттарын кеме қатынасының халінде ұстау жол шаруашылығы кәсіпорындарымен немесе олардың бөлімшелерімен қамтамасыз етіледі.

2.2. Ішкі су жолдарын ұстау Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлкі жөніндегі мемлекеттік комитеттің рұқсатын ала отырып, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің бұйрығымен басқа шаруашылық субъектілерге тапсырылуы мүмкін.

2.3. Жол шаруашылығы кәсіпорындарын басқару, сондай-ақ басқа шаруашылық субъектілердің ішкі су жолдарын күтіп ұстауына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Су көлігі Департаментімен жүзеге асырылады.

2.4. Жол шаруашылығы кәсіпорындарының және басқа шаруашылық субъектілердің ішкі су жолдарын күтіп ұстауына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Су көлігі Департаментінің кеме қатынасы мен теңізде жүзу қауіпсіздігі Бас инспекциясымен жолды жүйелі түрде инспекторлық қарау арқылы (навигацияда екі реттен кем емес) жүзеге асырылады.

2.5. Ішкі су жолдарын күтіп ұстау өте аз шығынмен кемелер мен құрамдардың қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз етуге тиіс.

2.6. Жер снарядтарымен шектеулі қазу өзен сағаларының қайырылуынан болдырмай, тек сағалық партиялардың жоспарлары бойынша ғана әзірленуі тиіс.

Бұл ережеден басқа өзгешеліктер Қазақстан Республикасының су ресурстары жөніндегі Комитеттің келісімі бойынша Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Су көлігі Департаментімен белгіленеді.

2.7. Заңды және жеке тұлғалардың, соның ішінде шетелдіктердің Қазақстан Республикасының мемлекеттік ішкі су жолдарын пайдаланғаны үшін Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетімен және үкіметаралық келісімдерімен анықталатын тәртіпте және мөлшерде төлемдер алынады.

2.8. Кеме иелері кемелер жүзуінің экологиялық қауіпсіздігі, су ортасын кемелердің шаруашылық-фекальдық, слань асты (льялдық) сулармен, қоқыспен, мұнаймен, мұнай өнімдері және басқа адам өмірі мен су қоймаларындағы тіршілікке зиянды заттармен ластануын болдырмау жөніндегі шараларды қабылдауға міндетті.

2.9. Кеме иелерінің "Ішкі жүзулерде кемелердің ластауын болдырмау

жөніндегі Ережелерді" орындау бақылауды Қазақстан Республикасы Теңіз және Өзен Регистрі, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы су ресурстары жөніндегі комитеті және Экология және биоресурстар министрлігі органдары жүзеге асырады.

Кеме иелері СанПиН N 4630-88 "Су беттерін ластанудан қорғау", сондай-ақ Қазақстан Республикасы Теңіз және Өзен Регистрінің "Кемелердің ішкі жүзулерінде ластауды болдырмау Ережелерінің" талаптарын 1 және 2 санатты су пайдалану қоймаларында сақтауға міндетті.

3. Ішкі су жолдарының габариттері

3.1. Ішкі су жолдарында мемлекеттік су жолдарының күтіп ұсталуы тапсырылған жол шаруашылығы кәсіпорындарымен немесе шаруашылық субъектілерімен су жүрісінің габариттері (тереңдігі, ені, оның осінің айналу радиусы) кепілденеді.

3.2. Су жүрісінің тереңдігі мен ені бойынша кепілденген габариттері судың нақты деңгейіне байланысты ең аз ретінде де дифференциальды ретінде де белгіленеді.

3.3. Кепілді габариттері бар су жолдарының тізімі, аталмыш габариттер ұсталатын кеме жолдары мен кеме жолдары деңгейінің кепілді габариттерінің ең аз өлшемі Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Су көлігі Департаментімен бекітіледі.

3.4. Ұзындығы, ені, су үсті габариті, кемелердің, құрамдардың және басқа жүзу құралдарының батымдылығы мен жылдамдығы су жолдары мен жасанды ғимараттардың техникалық өлшемдеріне сәйкес болуы тиіс.

3.5. Кемелер (құрамдар) мен су жолдары габариттерінің бір-біріне қатыстылығы:

3.5.1. Өзен мен арналар түбінің ең аз су қорлары, см.

Тереңдігі, см	Барлық кемелер үшін	
	Құнды және галкалы	Тасты грунтта
	г р у н т т а	
150-ден кем емес	10	15
150 - 300	15	20
300-ден артық	20	25

Ескерту: 1. Қорлардың мәні шектеулі учаскедегі жарияланған тереңдік пен кеме тұрағының ең үлкен батымдылығының арасындағы айырманы көрсетеді.

2. Тереңдігі бойынша шектелген учаскелерден өткен кезде кеме иелері

қайырлану деген нәрсені ескеруі және кеме жылдамдығын төмендету немесе қосымша буксирлеушіні қатыстыру жолымен оны азайту үшін шаралар қабылдауы тиіс; бұл шаралар жеткіліксіз болған кезде - тиісті батымдылық (тиеу)
а з а й т ы л а д ы .

3.5.2. Шлюздар түбіндегі су қорлары

Табалдырық тереңдігі см	Шлюз табалдырығындағы су қорлары, см тасты немесе бетонды
1 0 0 - г е д е й і н	-
1 0 0 - д е н а с а	-
2 5 0 - г е д е й і н	2 5
2 5 0 - д е н а с а	4 0

3.5.3. Шлюздің ені мен ұзындық қорлары

Ені 10 м дейінгі шлюздегі кеме борты мен шлюз қабырғаларының арасы әрбір борт жағынан 0,2 м, ені 18 м дейінгі шлюзде 0,5 м болуы тиіс.

Шлюздан өту кездегі жалғыз кемеңіздің ұзындығы оның камерасының пайдалы ұзындығынан кем болуы тиіс: ұзындығы 50 м дейінгі шлюзде - 1м, ұзындығы 51-ден - 100 дейінгіде - 2 м, 101-ден 150 м дейінгіде - 4 м, 151-ден 210 м дейінгіде - 6м және ұзындығы 210 ден артық шлюздарда - 10 м болады.

3.6. Тіректің немесе кеме жолдарының ең аз деңгейіндегі тұрақтың ішкі қырларының (кірме бөлігінің конструкциясын ескере отырып) арасындағы ені бойынша және биіктігі бойынша көпір құрылысы аралығының төменгі белдігінің есептік (кеме қатынасы мен ағызбалы өзендерде көпір габариттерін жобалау қалыптары бойынша және көпірлерді жайғастырудың негізгі талаптары бойынша) су жолдары деңгейінен жоғарлығының ара қашықтығымен анықталатын кеме жүрісінің көпір аралық габариттерін жобалаудың пәрменді қалыптарына сәйкес жобалау ұйымдарымен белгіленеді және жол шаруашылығы кәсіпорындары мен кеме қатынасы мен теңізде жүзу қауіпсіздігі (төменгі белдігі қисайған жиекті көпірлер үшін габариттер белдіктің қисайған бөлігінің ең төменгі нүктесінен белгіленеді). Бас инспекциясының келісімі бойынша Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Су көлігі Департаментімен б е к і т і л е д і .

3.6.1. Осындай тәртіппен труба құбырлары, су асты кабельдері, ауа өткелдері үшін габариттер (берілген тереңдікті қоса есептегенде) белгіленеді және бекітіледі.

4. Ішкі су жолдарының навигациялық қоршаулары

4.1. Ішкі су жолдарының навигациялық қоршаулары кемелердің қауіпсіз жүзу жағдайларын құру үшін және ішкі су жолдарында жасанды ғимараттардың сақталуын қамтамасыз ету үшін арналған.

4.2. Ішкі су жолдарының навигациялық қоршауларының күтіп ұсталуы навигациялық белгілер мен оттарды қою және қызмет көрсету, өлшеу, тральды және тереңдік тазалау жұмыстарын жүргізуден, сондай-ақ жол жағдайларының күйі мен өзгеруі туралы кеме иелерінің ақпарларынан тұрады.

4.2.1. Жалпы пайдаланымдағы ішкі су жолдарында аталған жұмыстар Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің бұйрығымен жолдың күтіп ұсталуы тапсырылған шаруашылық субъектілермен немесе жол шаруашылығы кәсіпорындарының қызметкерлерімен орындалады.

4.2.2. Темір жол, автожол, коммунальды және қалқымалы көпірлерде, су асты және әуе өткелдерінде, су жинау және су шығаруда оларды сақтау мен кемелердің қауіпсіз жүзу жағдайын құруға арналған қондырғылардың және кеме қатынасындағы белгілер мен оттардың күтіп ұсталуы "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік ішкі су жолдары туралы Ереженің" 9,10 тармақтарына сәйкес осы жасанды ғимараттардың иелерімен жүргізіледі.

4.2.3. Судың кірме жолдары мен кемежай алаңында, айлақтарда, затондарда, рейдтер мен басқа жалпылық емес пайдаланымдағы су жолдары учаскелеріндегі навигациялық қоршаулар мен қондырғылар осы алаңдар мен су жолдарының учаскелерін пайдаланатын ұйымдар және кәсіпорындармен күтіп ұсталады.

4.2.4. 4.2.2. және 4.2.3. тармақтарда тізілген навигациялық қоршаулар мен белгілерді тиісті жұмыс қалпында сақтау үшін жауапкершілік осы алаңдар, жасанды ғимараттар мен су жолдарының учаскелері пайдаланымына берілетін кәсіпорындар мен иеленушілерге жүктеледі.

4.2.5. 4.2.2. және 4.2.3. тармақтарда көрсетілген жұмыстар шарттар негізінде жол шаруашылығы кәсіпорындарымен орындалуы мүмкін.

4.3. Навигациялық белгілердің номенклатурасы, олардың тағайындылығы, сигнал қалқандарының түрі мен бояуы, оттардың түсі мен сипаттамасы пәрменді стандарт Мемст 26600-85 "Ішкі су жолдарының навигациялық белгілері мен оттары" Жалпы техникалық жағдайлармен анықталады.

4.4. Жағалық және жүзу белгілеріндегі навигациялық оттар кесесінен жарық түсірген кезде азаматтық кешқұрымға сәйкес келетін (Күннің горизонттан 3 градус төмен болған кезінде) 40-100 лк кем емес құраммен жарық түсіруі тиіс.

Ғимараттардағы навигациялық оттар Күннің батысынан шығысына дейін ж а р ы қ б е р у і т и і с .

4.5. Навигациялық қоршау құралдарының әсер ету мерзімі Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Су көлігі Департаментімен белгіленеді.

4.6. Швартовка жасау немесе кемелерді шығару үшін су жолдары сигнал белгілерін (қалқандарын, бакендерін, қалқыларын, буйларын және т.б.) пайдалануға тыйым салынады, осы белгілерді зақымдауға немесе өз мақсатымен оларды пайдалануды жарамсыз ету.

4.7. Егер кеме немесе жүзу құралы су жолының сигнал белгісін зақымдаса немесе орнын ауыстырса кеме иесі жедел түрде бұл жөнінде жолдағы құзырлы органды хабардар етуі және акт құрастырып, оны кеме қатынасы мен теңізде жүзу қауіпсіздігінің Бас инспекциясына жөнелтуі тиіс.

4.8. Әрбір кеме иесі жолдағы сигнал белгілеріндегі іс-әрекеттерде байқалған барлық зақымдану жайлары туралы (сөнген от, бакеннің, буйдың ауысуы, белгінің зақымдануы және т.б.) жақын арадағы жол шаруашылығы құзырлы органдарына жедел түрде хабарлауға тиісті.

4.9. Жол шаруашылығы кәсіпорындары ішкі су жолдары қоршауларының барлық істен шығу жағдайларына акт жасайды және оларды кеме қатынасы және теңізде жүзу қауіпсіздігі Бас инспекциясына жібереді.

4.10. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің бұйрығымен су жолдарының күтіп ұсталуды тапсырылған жол шаруашылығы немесе шаруашылық субъектілердің мемлекеттік кәсіпорындарына келтірілген шығынды өтеу кеме иелерінің міндетіне.

4.11. Кеме қатынасы үшін ашылған Ішкі су жолдарын пайдалану Ережелердің бұзылған жағдайында "Қазақстан Республикасының ішкі су жолдарында көлік оқиғаларын тіркеу мен топтау туралы ереженің" негізінде кеме қатынасы мен теңізде жүзу қауіпсіздігі Бас инспекциясымен зерттеу жүргізіледі.

5. Жасанды гидротехникалық ғимараттар

5.1. Гидротехникалық ғимараттарды пайдалану "Кеме қатынасындағы гидротехникалық ғимараттарды техникалық пайдалану Ережелеріне" сәйкес кеме қатынасының қауіпсіздігі мен гидротехникалық ғимараттардың жарамдылығын қамтамасыз етуі тиіс.

5.2. Ішкі кеме қатынасы жолдарының шлюздары арқылы кемелерді, құрамдарды және басқа жүзу құралдарын өткізу осы Ережемен анықталады.

5.2.1. Кеме қатынасы шлюздерінің шекарасына жақындаған кезде флот қозғалысын ұйымдастыру, кемелерді, құрамдарды және басқа жүзу құралдарын кеме қатынасы шлюздары арқылы өткізуге дайындау кеме иелерімен жүзеге асырылады.

5.2.2. Кеме қатынасының шлюздары арқылы кемелерді, құрамдарды және басқа жүзу құралдарын өткізуге ұйымдастырудың негізі - шлюздың вахталық бастығының атына жазылған шлюздану өтініші болып табылады.

5.2.3. Кесте бойынша жұмыс істейтін жолаушы, жүкжолаушы кемелерді және басқа кемелерді өткізу олардың қозғалыс кестелеріне сәйкес жоспарланады.

5.2.4. Қалған фотоларды өткізу мына кезекпен өтініш берілген уақытқа сәйкес қ а м т а м а с ы з е т і л е д і :

бірінші кезек - 1 сыныпты жүгі немесе оның қалдықтары бар танкерлер және мұнай құятын құрамдар, қопарылғыш және уланғыш заттар бар кемелер, балық айлайтын және қабылдау-көлік кемелері.

екінші кезек - арнайы объектілер және техникалық флот кемелері;

үшінші кезек - құрғақ жүкті өздігінен жүзетін кемелер және сүйремелі құрамдар, мұнай құю құрамдары мен 1-2 сыныпты жүктері бар танкерлер;

төртінші кезек - құрғақ жүкті буксирленетін құрамдар.

апаттарды жоюға бара жатырған кемелер, барлық жағдайларда да, шлюз арқылы кезексіз өткізіледі.

5.2.5. Шлюздардың вахталық персоналдары кезекпен белгіленген қатаң тәртіпте кемелерді өткізуді, кемелерге флотты өткізу мен шлюздарға кіру кезінде жүзі ережелеріне қатысты өкімдер мен ақпарларды тапсыруды қамтамасыз етуге м і н д е т т і .

5.2.6. Кемелердің бірлесіп шлюздануы мына тәртіпте рұқсат етіледі:

жолаушы және құрғақ жүкті кемелі жүкжолаушы кемелері (құрамдармен) және техникалық флот кемелері;

кез келген сыныпты жүктері бар (немесе олардың қалдықтарымен) мұнай құю құрамдары және танкерлер;

III-IV сыныпты жүктері (немесе оның қалдықтары), құрғақ жүкті кемелері мен құрамдары бар мұнай құю құрамдары мен танкерлер.

Шлюз камерасында бірлесіп шлюздау кезінде кемелерді кіргізу мен жайғастыру, сондай-ақ өртке қарсы тәртіп шаралары "Мұнай құю кемелеріндегі өрт қауіпсіздігінің Ережелерінің" талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Мұнай құю кемелерімен құрғақ жүк кемелерінің бірлесіп шлюздануы кезінде камбузды, пешті және ашық оттары тұтатуға тыйым салынады.

Жолаушы жедел кемелер басқа кемелермен бірлесіп шлюздануы кезінде шлюзге соңынан кіреді және камерада тұрған кезінде траверза жағынан басқа кемелер тұрмайтындай болып орналасады.

5.2.7. Шлюздануды күтіп тұрған рейдтегі кемелерді орналастыру шлюздануға кезекте тұрған кемелердің шлюзға қауіпсіз кіруін ескере отырып, кемежай диспетчерінің көрсетуі бойынша жүргізіледі.

5.2.8. Шлюз шекарасына жақындаған кезде кемелердің вахта бастықтары радио байланысының УҚТ бойынша шлюздың вахта бастығынан шлюздану тәртібі туралы нұсқаулар сұрайды.

5.2.9. Кіру арналарына және айлақ станкаларына орналасуға рұқсатты шлюздың вахта бастығы береді.

5.2.10. Шлюз вахта бастығының міндеттері:

- кемелердің, құрамдар мен басқа жүзу құралдарының шлюз шекараларындағы қозғалысын басқарады (қашықтағы светофорлар);

- айлақ қабырғаларында және шлюз камерасында кемелердің, құрамдар мен басқа жүзу құралдарының орналасуын шлюз камерасының пайдалы ауданын тиімді қолдануды, метеорологиялық жағдайларды, сондай-ақ осы Ережеде көрсетілген

5.2.4. және 5.2.6. тармақтардың нұсқауларын ескере отырып басқарады.

- кемелердің, құрамдар мен басқа жүзу құралдарының шлюз камерасына кіруін, бір камерада екінші камераға өтуін және шлюздан шығуын жариялайды;

- шлюзданатын барлық кемелердің, құрамдардың және басқа жүзу құралдарының швартовкалануы аяқталған соң және бұл жөнінде радио байланысы УҚТ немесе белгіленген дыбыс сигналдары бойынша вахта бастықтары жариялағаннан соң ғана шлюздану процесстерін бастайды;

- жоғарғы бьефтегі шлюздың айлық қабырғаларында орналасқан кемелердің швартовкалануы аяқталғаннан соң ғана шлюз камерасының жоғарғы кірме арнадан сумен толтырылуын бастайды;

- шлюздану процесі кезінде кеменің ілініп қалуы немесе швартовкылардың үзіліп қалуы жағдайларында, сондай-ақ шлюзға кірердегі кеменің қалқыған мұзға сыналанып қалған кезінде жедел нұсқауларда қарастырылған апаттарды болдырмау шараларын қабылдайды.

- шлюзданатын кемелердің вахта бастықтарын кірме арналарында келе жатырған және тұрғызылған кемелер, құрамдар және басқа жүзу құралдары, сондай-ақ жол жағдайының өзгерістері мен істен шығулары туралы, кірме арналарындағы уақытша қойылған белгілер және т.б. туралы хабардар етеді.

5.2.11. Шлюз айлық қабырғаларындағы кемелерді, құрамдарды, басқа жүзу құралдарын орналастыруға, шлюздану тәртібі мен шлюз камерасында орналастыруға қатысты шлюз вахта бастығының өкімдерін барлық кемелердің вахта бастықтары орындауға міндетті, әрі олар осы өкімдерді алғанын радио байланысы УҚТ немесе "Мен Сізді түсіндім" деген дыбыс сигналы арқылы растауға міндетті.

Егер кеменің вахта бастығы алынған өкімді орындалмайды деп есептесе (кеменің немесе құрамның маневрлік ерекшеліктеріне байланысты) онда ол бұл жөнінде шлюз вахтасы бастығына хабарлауы және келісілген шешім қабылданғанға дейін ешқандай әрекет жасамауы тиіс.

5.2.12. Қопарылғыш және улы заттары бар барлық кемелер айлақ қабырғаларына тоқтаусыз шлюзға кіреді.

5.2.13. Шлюздың айлақ қабырғаларына кемелердің, құрамдардың және басқа жүзу құралдарының кіруі қашық светофорда жасыл сигнал болған кезде ғана

р ұ қ с а т е т і л е д і .

5.2.14. Кемелердің, құрамдар мен басқа жүзу құралдарының шлюз камерасына, бір камерадан басқа камераға (көп табалдырықты шлюздар) кіруі және камерадан шығуы кіру светофорының жасыл сигналында ғана және шлюз вахта бастығының радио байланысы УҚТ (қатты сөйлеу байланысы бойынша кемелерде радио байланысы УҚТ жоқ болған кезде кезінде) бойынша кіру және шығу кезектері жөнінде кемелердің вахта бастығына хабарлауы арқылы ғана р ұ қ с а т е т і л е д і .

5.2.15. Светофорда сигналдың жоқ болуы тыйым салу сигналы (қызыл түрде тиісті) болып табылады. Бұл жағдайда шлюздың вахта бастығының шлюз бен кеменің вахта журналында ресімделіп жазылған рұқсаты арқылы ғана кеме қозғалысы жалғастыруына болады.

5.2.16. Шлюздану кезіндегі кеме вахта бастықтарының міндеттері: шлюзға кірер алдында міндетті түрде руль басқару және ДАБ іс-әрекетін, бас қозғалтқыштардағы жіберу баллондарында ауа барлығын және зәкір бекітілуінің мықтылығын тексереді, әрі ол туралы вахта журналына жазады және кеменің шлюздануға дайындығы туралы радио байланысының УҚТ бойынша шлюз вахта б а с т ы ғ ы н а х а б а р л а й д ы ;

шлюзды жиналған мачталармен (жоғары габариттік өлшемдермен басқарылатын шлюздарда) өту; жиналған стрелалармен жүзу крандарын өткізу; шлюздың вахта бастығымен радио байланысы УҚТ бойынша тұрақты х а б а р л а с ы п т ұ р а д ы ;

қозғалыс кезінде жеткілікті басқарылуы және кеменің швартовкалануы көрсетілген орында тоқтауы қамтамасыз етілетін ең аз жылдамдықпен шлюзға кіреді, бұл жағдайда екі немесе одан көп бас қозғалтқыштары бар кемелерде олардың біреуі кез келген жағдайда шлюз қақпасының босағасынан кеменің (құрамның) мұрын жағымен өткен мезетінде кейінгі шағын жүріс тәртібіне қ о й ы л а д ы ;

шлюздың вахта бастығына радио байланысы УҚТ немесе белгіленген сигналдар бойынша камерадағы кеме швартовкалануының аяқталғаны жөнінде х а б а р л а й д ы .

5.2.17. Шлюздану кезінде кеменің капитаны осы шлюздан өту жағдайларын, штурмандардың тәжірибесі мен іскерлігін және қажет болуына қарай (әсіресе жоғарғы бьеф жағындағы қозғалыс кезінде) басқаруды жеке басына қабылдайды немесе осыны бірінші штурманға тапсырады.

Шлюзданатын кемелердің, құрамдар мен вахтадағы басқа жүзу құралдарының барлық экипаж мүшелері өздерінің штаттық орындарында болуға м і н д е т т і .

5.2.18. Кемелер, құрамдар және басқа жүзу құралдары шлюз камераларында

орналастырылу кезінде камераның пайдалы ұзындығын шектейтін стопсигналдар
ш е ң б е р і н д е б о л у ы т и і с .

5.2.19. Көп табалдырықты шлюздарда кемелер мен құрамдардың қарама-қарсылық шлюздануына рұқсат етілген. Қарама-қарсылық шлюздануға I және II сыныпты жүктері немесе олардың қалдықтары бар мұнай құю кемелерін және қопарылғыш және улы заттары бар кемелерді қоспағанда осы Ереженің 1.4. тармағына сәйкес белгіленген қорлармен габариттік көлемдер бойынша өтетін барлық түрдегі құрамдар мен жалғыз кемелер жіберіледі. Қарама-қарсылық шлюздануды жүргізу мен кемелер мен құрамдардың бір камерадан басқаға өту кезегі туралы шешімді шлюз вахта бастығы қабылдайды.

5.2.20. Шлюздануға осы Ереженің 1.4. тармағының талаптарына сәйкес мәліметті техникалық жарамды кемелер мен құрамдар ғана жіберіледі.

Шлюздануға мыналар жіберілмейді:

мұнай өнімдері тесіліп ағып тұрған мұнай құю кемелері;
зәкірлері көтерілмеген, зәкірлерінде бөгде заттар бар (тростар, сымдар және басқа заттар), сүйретілген цептері мен тростары бар кемелер.

корпустың немесе қондырманың зақымдалған элементтері, жүк бөлігі немесе басқа заттары борт габаритінен шығып тұратын кемелер.

кемелердің, құрамдардың және басқа жүзу құралдарының техникалық қалпы және олардың шлюздануға дайындығы туралы ақпараттардың дұрыстығына жауапкершілік кемелердің вахта бастығына жүктеледі.

5.2.21. Зәкірдің, рульдің сұғындырманың өсу винттерінің, арнаға құлаған немесе арна жиегіндегі немесе шлюздағы жұлынған кнехтілер мен басқа ірі габаритті бөлшектердің барлық жоғалған жағдайлары туралы кемелердің вахта бастықтары жедел түрде шлюз вахта бастығына хабарлауға міндетті.

5.2.22. Шлюздардың кірме арналарында қозғалу кезінде жедел кемелердің қуып жетуін қоспағанда, барлық түрдегі кемелер мен құрамдардың өзара бірін-бірі қуып жетуіне тыйым салынған.

5.2.23. Айлақ қабырғалары мен шлюз камерасында кемелердің швартовтануы тиісті швартовтау арқандарымен жасалуы тиіс. Ұзындығы 30 м артық кемелер бір бортымен ғана швартовтануы тиіс.

Кемелердің вахта бастықтары шлюздану кезінде кемелердің арнайы айлақ қондырғыларында мықты швартовтануын және олардың қауіпсіз тұруын
қ а м т а м а с ы з е т у і т и і с .

Шлюздардың айлақ тумбаларына швартовтануы кезінде шлюздың вахта персоналдары кемелер мен плоттардың швартовкыларын қабылдауы, оларды тумбаларға мықтап бекітуге, ал қажет болғанда оларды тумбадан тумбаға көшіруі тиіс. Жүзу рамаларына швартовтау кемелердің вахта персоналдарымен
ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

5.2.24. Мыналарға тыйым салынған:

швартовтану мақсатына арналмаған конструкциялар мен басқа заттарды швартовтау ;

кемелер қозғалысының инерциясын төмендету үшін жүзу рымдарын пайдалану ;

шлюздану қажет болмайтын көлік флотының құрамдары мен кемелерге шлюздың айлақ қабырғаларына тұруға және кірме арналарына кіруге;

кемелердің аралық светофорға, ол жоқ жерде сигналына жақын қарама-қарсы шлюзданудың аяқталуын күтіп айлақ қабырғаларында аялдауына;

қысым дамбаларының жанына кемелердің кіруі мен швартовтануы;

шлюз басшылығымен келісілмей көлік флоты кемелерінің кірме арналардың шеңберу мен айлақ қабырғаларында тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізуге;

шлюздардағы айлақ қабырғаларының жиегі мен жағалардағы бетон бекіністерінің жанында кемелер мен құрамдардың зәкірге тұруына (аталмыш жерлерде зәкір тастау өте ерекше жағдайларда ғана болады, мысалы кеменің тоқтауы басқа әдіспен мүмкін болмағанда, ал бұдан әрі қозғалу апатқа ұшырататын болса) ;

арнайы бөлінген және тиісті түрде жабдықталған орындарды қоспағанда құлама жағалар мен гидротораб жиегіндегі жарғаларда кемелердің швартовты сынақтарын жүргізу ;

шлюздану кезінде кемелердің жолаушылары мен команда мүшелерінің шлюз аймағына шығуына (апат жағдайлары немесе ауруларды құтқаруды қоспағанда);

кемелерге радиохабарларының қатты сөйлеу қондырғыларын қосу мен жұмыс жасау ;

шлюз камерасы мен кірмелерде прожекторларды пайдалану кезінде кемелердің рубкалары мен шлюзды пульттік басқару жайларына жарық түсіру;

қоқым мен шлакты борт сыртына тастау;

шлюз қабырғаларының, палдық және айлақ қабырғаларының бетіне жазу мен басқа белгілерді салуға ;

5.2.25. Осы Ережелердің , сондай-ақ гидротехникалық ғимараттардың бұзылған жағдайында шлюз вахта бастығының кеме капитанынан бұзылу жасалған себептер мен жағдайлары жөнінде жазбаша түсініктеме алғанға дейін кеменің одан әрі қозғалуына тыйым салуға құқығы бар.

Сонымен қатар, шлюз вахта бастығы гидротехникалық ғимарат ауданы басшыларына және ең жақын кеме қатынасы инспекциясына болған бұзылулар туралы жедел түрде мәлімдеуге міндетті.

5.3. Шағын өлшемді флоттардың шлюздануы тек қана үлкен кемелермен бірге жүргізіледі .

Шағын кемелердің швартовтануы үлкен кемелердің бортында жүзеге асырылады.

6. Ішкі су жолдарының зақымдануы.

6.1. Кемелерді қайраңға отырғызу. Кедергілер.

6.1.1. Қайраңға отырған немесе суға батқан кемеің немесе бөлшектеңген құрамның кеме иесі, егер бұл жағдайда судың жағалық жиектері ластанған болса бұл жөнінде қысқа мерзім ішінде жақын арадағы жол шаруашылығы кәсіпорындарына, сондай-ақ табиғат қорғау органдарына хабарлауы және ластануды болдырмау жөнінде шаралар қабылдауы тиіс. Қайраңға отырған немесе суға батқан кемеің иесі немесе экипаж мүшелерінің бірі құзырлы органдардан өз орнын босатуға рұқсат алған мезетке дейін бортта немесе апат болған жерге жақын жерде қалуы тиіс.

6.1.2. Егер кеме, құрам немесе басқа жүзу құралдары қайраңға отырса, фарватерде немесе оған жақын жерде суға батқан болса, бұл қажет болмаған жағдайларды қоспағанда, осы кемеің немесе құрамның иесі қысқа мерзім ішінде ішкі су жолдарында жүзу Ережелерінде қарастырылған сигнал көтеру міндеттерін сақтай отырып, жақындаған кемелер мен құрамдарды тиісті жерлерде және апат болған жерден қашықтау жерде, бұл кемелер мен құрамдар дер кезінде тиісті шаралар қабылдай алуы үшін оларды ескертуі тиіс.

6.1.3. Кеме, құрам немесе басқа жүзу құралы қандай да бір затты жоғалтса, егер бұл зат ластану көзі болып табылса, соның нәтижесінде кеме қатынасы үшін қауіп туындауы мүмкін болғанда кеме иесі жедел түрде бұл жөнінде жақын арадағы жол шаруашылығы кәсіпорындарын, сондай-ақ табиғат қорғау органдарын зат жатырған жерді дәл көрсетіп, хабарлауға міндетті. Бұдан басқа ол мүмкіндігіне қарай осы орынды қадамен белгілеуі тиіс.

6.1.4. Егер кеме немесе құрам су жолдарында ыбырсыған белгісіз кедергілерді кезектірсе кеме иесі бұл жөнінде жедел түрде жақын арадағы жол шаруашылығы кәсіпорындарына кедергінің дәл орнын көрсете отырып, х а б а р л а у ғ а м і н д е т т і .

6.1.5. Егер қайраңда қалған немесе батқан кеме, құрам немесе басқа жүзу құралы, немесе кемемен құраммен жоғалтылған зат толық немесе жартылай фарватерді ыбырсытса, онда кеме, құрам немесе басқа жүзу құралының иесі қысқа мерзім ішінде фарватерді босатудың барлық шараларын қабылдауы тиіс.

6.1.6. Адамдар үшін қауіпті немесе фарватердің ыбырсуына әкеліп соғатын апатқа ұшыраған кемеге, құрамға немесе басқа жүзу құралына жақын арадағы әрбір кеме иесі, өзінің меншікті кемесіне қауіп төнетін болғандықтан жедел түрде көмек көрсетуге тиіс.

